Бекітемін:
Меңгеруші: ШалабаеваЖ.С.
Білім беру ұйымы: Милы бастауыш білім беретін мектебі

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Жоспардың құрылу кезеңі 3-апта 12-16 қыркүйек 2022-2023 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды қабылдау: таңертеңгі фильтр, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (**сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет**). | | | | |
| | **«Табиғат мінезі»**<br>**Сюжеттік ойындар:**<br>**«Сиқырлы фломастер»** еркін сурет салу.<br>**Не артық?**<br>**Мақсаты:** Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>**«Табиғат мінезі»** жаттығуы(***айналаңыздағылармен танысу, сөйлеуді дамыту-ойын, танымдық және коммуникативті іс-әрекет***) | **Еркін сурет салу қызметі-трафаретпен сурет салу**<br><br>**Мақсаты:** трафареттерді қолдана отырып, сурет салуды үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>**(сурет салу-шығармашылық қызмет)** | **Ойын– жаттығу:**<br>«Туған жер табиғатын қорғау керек пе, әлде жоқ па?» әңгімелесу, сұрақ жауап<br>**Ойын:«Жер шары»**<br>Фотосуреттер қарау.<br>Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю.<br>**(коммуникативтік, танымдық қызмет)** | **"Көңілді фигуралар" дидактикалық ойыны**<br>Мақсаты: геометриялық фигуралар туралы білімді бекіту, заттардың пішінін белгілі геометриялық фигуралармен байланыстыру қабілетін қалыптастыру.<br>**(математика негіздері – танымдық және коммуникативтік қызмет)** | **Үстел үсті театр ойыны:**<br>«Өлі табиғат құбылыстары» тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.<br>**(коммуникативтік, танымдық қызмет)** |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу | | | | |
| Таңертеңгі жаттығу | **№2 жаттығулар жинағы (доппен)**<br>І. «Тез бағанда!» ойын жаттығуы. Үш бағанға салынған, әр белгінің алдында (текше немесе кегль) өзіндік түсті. Белгі бойынша барлық ойыншылар алаңның (залдың) әртүрлі бағыттарына таралады, 20-25 секундтан кейін мұғалім: «Тез бағанға!» дейді. және әрқайсысы бағандағы өз орнын алуы керек. Тез және дұрыс тізілген баған (2-3 рет) жеңеді.<br>ІІ. Шағын доп жаттығулары | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | • «Допты көтеру»: негізгі позиция, доп сол қолда. 1-2 - қолды екі жаққа жоғары көтеру, допты оң қолға ауыстыру; 3-4 - қолды төмен түсіру және допты оң қолмен солға ауыстыру.<br>• «Алға еңкейту»аяқты иықтың енінен бөлек тұрыңыз, доп сол қолыңызда. 1 - қолдар екі жаққа; 2 - алға және төмен еңкею, допты оң қолға ауыстыру; 3 - түзу, қолды екі жаққа; 4 - і.р. Сол сияқты, допты оң қолмен солға ауыстыру.<br>• «Скваттар. негізгі позиция, төменгі оң қолдағы доп. 1 - қолдар екі жаққа; 2 - отыру, допты сол қолға беру; 3 - тұру, қолдар екі жаққа; 4 - рет Дәл солай, доп сол қолда.<br>• «Допты айналдыру»тізерлеп тұрып допты оң қолда 1-8 - допты оңға (солға) айналдыру және допты қарау. Дәл солай, доп сол қолда.<br>• «Допты алыңыз»арқамен жатып, допты екі қолмен бастың артында. 1-2 - оң түзу аяқты көтеру, аяқтың саусағымен допқа тигізу; 3 - 4 - аяқты төмендетіңіз. Екінші аяқпен де солай.<br>III. Үкі ойыны. | | | | |
| **Ұйымдастырылған қызметке дайындық (ҰҚ)** | Балалар әсер алу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге қоршаған ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен қызмет, кезекшілік) | | | | |
| | **«Сиқырлы қапшық»**<br>Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.<br>**(математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)** | **«Затты сипатта»**<br>***Мақсаты:***заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.<br>(***танымдық және коммуникативті іс-әрекет***) | **« Шатыспақ » ойыны**<br>**Мақсаты:** есту қабілетін, есте сақтау, сезімталдығын, сөздік қорын дамыту | **Саусақ гимнастикасы "Сиқырлы текше"**<br>**Мақсаты:** логикалықойлау қабілетін, шапшаңдығын,ептілігін дамыту және балаларға заттарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыруға үйрету **(математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)** | **«Кім тапқыр?»**<br>**Мақсаты:** берілген тыбыстың орнын таба білуге машықтандыру. Ойын барысында балалары зейінді болуға дағдыландыру. Түстерді тез айырып, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. Достық қарым қатынасты тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативті іс-әрекет)** |
| **Ұйымдастырылған қызмет** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Қолды жазуға дайындау. Қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.<br>**І.Ойын:** «Бесбармақ, сұқ саусақ» | **1.Математика негіздері**<br>"Бір" деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе | **1.Математика негіздері**<br>"Бір" деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін таныстыру.<br>**Д/О «Неге ұқсайды?»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: Қарындашты дұрыс ұстауды үйрету.Қарындаш ортаңғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ карындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді).<br>**2.Ойын:** «Кіп-кішкентай саусақтар»<br>Мақсаты: жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5– 10 секунд ұстап тұру керек.<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г – ғ дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға үйрету;<br>**1.Диадактикалық ойын:** «Бірінші дыбысты кайтала»<br>**Мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту.<br>**2.Ойын:** «Дыбыстарға құлақ түр»<br>**Мақсаты:** Айтылуы және дыбысталуы ұқсас дыбыстарды ажыратуға үйрету.<br>**3.Қоршаған орта**<br>Отбасы туралы, отбасының ересек | білдіретіндігін таныстыру.<br>**1.Д/О: «Біреу және көп»**<br>Ойынның мақсаты: Біреу және көп ұғымын ажырата алуға үйрету. Балалар заттардың арасынан бір және көп заттарды табады.<br>**2.Ойын «Шаршы құрастыр»**<br>**Мақсаты:** Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету.Шаршының канша бөліктен тұратынын санайды<br>**2.Қазақ тілі**<br>Негізгі ойды дұрыс жеткізуге үйрету, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге,әңгімені бірізді және накты айтуға үйрету.<br>**1.Д/О: Тілші**<br>Мақсаты: Тақырып бойынша балаларға сұрақ койылады, жауаптарын алады.<br>2.Өлең «Мектебім»<br>Мақсаты: тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру<br>**3.Көркем әдебиет**Әдеби жанр түрлерін түсіндіру: ертегі, әңгіме, өлең. Балаларды шығарма кейіпкерлерімен таныстыру.<br>Ойын: «Ертегіні | ұстауға үйрету.<br>**1.Дидактикалық ойын: «Балық аулайық»**<br>**Мақсаты:** Қаламды дұрыс ұстауға үйрету,қолдың ұсақ моторикасын дамыту<br>**2.Ойын:Сиқырлы сандық**<br>Мақсаты: Баланың жазу кезіндегі отыру әдебін үйрету,логикалық ойлауын дамыту, ептілікпен әрекет етуге үйрету.<br>**2.Математика негіздері**<br>"Бір" деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін таныстыру.<br>Топтық жұмыс: Апта күндері.<br>Мақсаты: Бір ұғымы бүтін бір топтың жиынтығын білдіретіндігін түсінік қалыптастыру.<br>Д/О:«Қайсы қолымда көп?»<br>Мақсаты:Заттың екі жиынтығын салыстыра білугеүйрету. Көз мөлшерін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**3.Сөйлеуді дамыту**<br>айтылуы және дыбысталуы ұқсас | қарындашты дұрыс ұстауға үйрету<br>Дидактикалық ойын:<br>**1.«Алма ағашы»**<br>Мақсаты: Балалардың сөздік корын молайту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**2.Сөз ойла, тез ойла**<br>Мақсаты: Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту. Ойын арқылы балаларды тапкырлыққа баулу.<br>**2.Қоршаған орта**<br>Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. **«Біз үйде нешеуміз?»**<br>Мақсаты:Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру. Жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>**3. Музыка-шығармашылық әрекет**<br>Аспаптық музыкаға деген | **дидактикалық ойын**<br>Мақсаты: Заттарды топтастыра білуге үйрету, сәйкестендіру.<br>Топтық жұмыс: «Өз жұбыңды тап»<br>Мақсаты: Санды көру, есту және қимыл арқылы қабылдау қабілетін пысықтау.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Әдеби жанр түрлерін түсіндіру: ертегі, әңгіме, өлең. Балаларды шығарма кейіпкерлерімен таныстыру.<br>**1.«Егер де...»**<br>Мақсаты: Балалардың сыни тұрғыдан ойлауларын одан ары карай жетілдіру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.<br>**2.Ойын «Кімнің сөздері?»**<br>Мақсаты: Ауызекі сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту.**3.Шығармашылық**<br>Қарапайым катынастарды сақтай отырып адам мен жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйрету<br>**«Үй жануарлары»**<br>**Мақаты:** Үй жануарларына тән ерекше бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын үйрету<br>**Шығармашылық**<br>жемістер сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру (сурет салу) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру<br>**1.Д/О**: «Сүйікті отбасым»<br>Мақсаты: Отбасы туралы түсінік беру,сүйіспеншілікке, құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу.<br>**2. Ойын** «Өзі және отбасы»<br>Мақсаты: Үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге, отбасының бірлігін сақтап, жанұяның мақтаны болуға тәрбиелеу.<br><br>**4.Дене шынықтыру**Бұрын үйретілген жаттығуларды қайталау, бекіту, қимыл біліктері мен дағдыларын жетілдіру.<br>**1.Д/О: «Паровоз»**<br>Мақсаты: Бұрын үйретілген жаттығуларды қайталау, бекіту, кимыл біліктері мен дағдыларын жетілдіру<br>**2.Ойын «Ақ қоян»**<br>**Мақсаты:**<br>Жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. | ойнайық»<br>Мақсаты :Ертегілер туралы білімдерін кеңейте отырып, балалардың фонетикалық есту қабілетін және сөйлеу тілін жетілдіру.<br>Д/О:«Тым-тырыс»<br>**Мақсаты:** Өлең және ертегі жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br>Ауызекі сөйлеу,есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**4. Музыка-шығармашылық әрекет**<br>Аспаптық музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру;<br>**Нота үйренейік.**<br>**мақсаты:**<br>Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату<br>**Барлық балалар:**<br>Музыка тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады.<br>Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғаралығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық | дауыссыз л – р дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға үйрету;<br>**1.«Не дыбыстайды?»**<br>Ойынның мақсаты: Балалардың ненің қалай дыбыстайтынын білуі,айтуы, қалыптасуы.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>қимылды және командадағы жарыс сипатындағы ойындарды үйрету,<br>**«Күн мен түн» ойыны**<br>Мақсаты:Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | қызығушылықтарын арттыру;<br>**Көңілді ырғақтар. ҮІӘ мақсаты:**<br>Музыка сипатын ырғақты жүріспен, музыканың шырақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Барлық балалар:**<br>Музыка тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады.<br>Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғаралығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады.<br><br>**4.Қазақ тілі**<br>Негізгі ойды дұрыс жеткізуге үйрету, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді және нақты айтуға үйрету<br>**-«Не қайда жатыр?»**<br>Мақсаты: Баланың ой өрісін кеңейту,ойлау қабілетін дамыту,зейінділігін арттыру. өздік | қарапайым қатынастарды сақтай отырып адам мен жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйрету;(мүсіндеу)<br>шаршыларды үшбұрышты етіп қию, (жапсыру)<br>Мақсаты: Екі топқа бөлініп, жануарлар мен жемістерді шаршы және үшбұрышпен құрастырады, сурет салады, мүсіндейді, жапсырады<br>**4.Дене шынықтыру**<br>Негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл тәжірибелерін байыту;<br>**Д/О: Қасқырлар мен лақтар**<br>балалардың дене тәрбиесі мен спортқа деген қызығушылығын қалыптастыру, ойлау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | суреттерді ойнай алады. | | корын, логикалық ойлауын дамыту, байланыстырып сөйлем құрауға үйрету.<br>**2. Сиқырлы қалта**<br>**Мақсаты:** Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөйлем қарқынын өзгерте білуге үйрету(мысалы: ақырын сөйлеу) | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Жүйелі киіну( ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)<br>- Сөйлеуді дамыту<br>- Көркем әдебиет<br>- Дене шынықтыру<br>- Қоршаған ортамен таныстыру | | | | |
| **Серуен** | Серуен<br>1.Жерге түскен жапырақтарды бақылау.<br>Мақсаты: Жапырақтардың не себепті жерге түскендігін ұғындыру,әр ағаштың жапырақтарын салыстыру.<br>(***коммуникативтік, зерттеу қызметі***)<br>2. Жеке жұмыс<br>Жапырақтардың түсуі жөнінде сұрау.<br>Мақсаты: Балаға жапырақ туралы, олардың түсуі жөнінде түсінік қалыптастыру.<br>3.Еңбек.<br>Жерге түскен жапырақтарды бір | Серуен<br>1.Жауған жаңбырды бақылау.<br>Мақсаты: Жаңбыр туралы білімдерін кеңейту<br>**(коммуникативтік, танымдық қызмет)**<br>2.Қимылды ойын<br>«Күн мен жаңбыр»<br>Мақсаты: Көркем сөздерді айтуға үйрету.<br>(**ойын, қозғалыс қызметі)**<br>3.Еңбек:<br>Участоктағы қағаздарды бір жерге | Серуен<br>1. Жаяу жүргінші жолын бақылау.<br>Мақсаты:<br>Қатардан шықпай жүруге дағдыландыру<br>-Жол не үшін қажет<br>-Қандай жолдарды білесіңдер<br>(**танымдық, коммуникативтік қызмет**)<br>2.Қимылды ойын<br>«Жалауға кім жақын?»<br>Мақсаты:<br>жылдамдықты,ептілікті дамыту. | Серуен<br>1. Аула сыпырушының еңбегін бақылау<br>Мақсаты:<br>Балаларды еңбекке баулу<br>-Аға не істеп жатыр?<br>-Ағаның қолындағы не?<br>-Ауланы неге сыпырады?<br>(**танымдық, коммуникативтік қызмет**)<br>2."Өз жұбыңды | Серуен<br>1.Ұшып бара жатқан құстарды бақылау<br>Мақсаты: Балаларды жүгіре білуге, ептілікке тәрбиелеу.<br>-Ұшып бара жатқан құстарды тамашалау<br>-Құстардың қанат қағып ұшуларына көңіл бөлу, қалай ұшады, қалай дыбыстады?<br>(**танымдық, коммуникативтік қызмет)**<br>2.Қимылды ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жерге жинату. **(еңбек қызметі)**<br>4. Қимылды ойын Теп тегіс жолменен **(қозғалыс қызметі)**<br>Еркін ойындар | жинау.<br>**(еңбек қызметі)**<br>4.Жеке.жұмыс.<br>Жаңбыр қайдан жауатынын сұрау<br>Мақсаты: Берілген сұрақ арқылы балалардың ойын кеңейту.<br>**(ойын, танымдық, коммуникативтік қызмет)**<br>5. Өз беттерінше ойнату | **(ойын, қозғалыс қызметі)**<br>3.Еңбек<br>Жолда жатқан қоқыстарды жинау<br>**(еңбек қызметі)**<br>4.Жеке.жұмыс.<br>Сөйлеуді дамыту.<br>Жұмбақ<br>Далаға құрған өрмегім<br>Үстінен сулап келемін<br>Темір жол<br>Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту<br>**(коммуникативтік қызмет)**.<br>5. Еркін ойындар. | тап"<br>қимылды ойын<br>Мақсаты:<br>кеңістікте еркін жүру.<br>**(ойын, қозғалыс қызметі)**<br>3. Еңбек.<br>Ересектерге көмек көрсетеді, олардың еңбек нәтижелеріне ұқыпты қарауға тәрбиелейді.<br>(еңбек қызметі)<br>4.Дене шынықтыру бойынша жеке жұмыс.<br>Мақсаты:Кең қадаммен жүру, спортқа баулу.<br>(қозғалыс қызметі)<br>5. Еркін ойындар.. | «Қарлығаш»<br>Мақсаты:<br>қозғалыстарды үйлестіруді дамыту.<br>(ойын, қозғалыс қызметі)<br>3.Еңбек: Құстарға жем шашқызу.<br>**(еңбек қызметі)**<br>4.Жеке жұмыс.<br>Құстар туралы сұрау.<br>Құстар біздің досымыз.<br>Күнде оларды көреміз.<br>Қамқор болып әрқашан,<br>Ұя жасап береміз.<br>5. Еркін ойындар.. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті) | | | | |
| **Баламен жеке жұмыс** | Дінмұхаммедпен жеке жұмыс | Альтаирды дыбыстармен таныстыру | Жалғасқа қазақша дыбыстарды қайталау | Ханшайыммен «Күз» туралы тақпақты қайталау | Мансурмен киім мен тазалық туралы әңгімелесу |
| **Балалардың өзіндік іс-әрекеті** | Өз беттерімен кітаптарды көру | Лото ойыны. Фетрмен ертегілер | | Кегль ойыны | Пазлдар құрау |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру. | | | | |